

## БАЛАБАҚШАДА 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕНІ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Педагогтің мерекені ұйымдастыруды жоспарлауы мереке тақырыбын таңдаудан басталады. Ұсынылатын тақырыптар: «Анамның күні – 8 наурыз!»; «АЛ, КӨНЕ ҚЫЗДАР!»; «АНАМНЫҢ АРМАН ЕЛІНЕ САЯХАТ»; «АНАНЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ». Әдістемелік кеңесте бірлесіп талқылау арқылы басқа тақырыптарды таңдауға болады.



2. Мереке сценарийін жас топтарының тәрбиешілері музыка жетекшісімен бірге құрастырады. Оны талқылау міндетті түрде балабақшада жұмыс істейтін педагогтер ұжымымен бірге жүргізіледі, олар сценариймен танысады, сондай-ақ рөлдер мен міндеттерді өзара бөліседі: атрибуттарды, костюмдерді дайындау, безендіру жұмыстарының дизайнына және қауіпсіздік шараларына мән беріледі.

3. Атрибуттарды, костюмдерді дайындауға, музыка залын безендіруге, сондай-ақ сценарий құрастыруға ата-аналарды тарту өте маңызды. Мерекені балалардың, ата-аналардың, педагогтардың қатысуымен балабақшаның өз мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыру қажет және жеке ақылы қызмет көрсететін аниматорлар мен бөгде адамдарды шақырудың қажеттілігі жоқ.

4. Баланың мерекеге деген қызығушылығын жоймай, оның мерекеден алатын әсерін қалдыру үшін үнемі жалпы дайындық жүргізу ұсынылмайды



5. Педагог балаларға 8 наурыз халықаралық әйелдер күні, оның салт-дәстүрі туралы әңгімелеп береді, өткізілуі, әндер, билер, ойындар үйретеді, қолдан бұйымдар жасайды, суреттер салады. Мерекені күтудің әсерлікөңіл-күйін қалыптастырады.

6. Мерекенің мазмұны балалардың жасерекшеліктері, қызығушылықтары, үйренген репертуары ескеріле отырып құрылады. Мереке бағдарламасында түрлі әрекеттер үйлестірілуі тиіс (топтық және жеке орындау, ертегілерді сахналау, би билеу, ойындар, конкурстар ұйымдастыру және т.б.)

7. Балалардың тез жалығатындығын ескере отырып, мереке

желісінің түрлі қызықты белсенді әрекетке ауысып отыруына мән беріледі.

**8.** Мереке бағдарламасы балалар мерекені толықтай көріп, көңіл көтеруге барлығы қатыса алатындай етіп құрылуы тиіс. Бала өзі қатысып билегенде, ойнағанда, ән айтқанда ғана көңілі көтеріледі. Балаларға конкурс, ойын арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек.

**9.** Мерекені өткізу форматы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: ертегіні сахналау; саяхат, байқау, концерт және т. б.



**10.** Мерекені өткізудегі маңызды сәт залды безендіру. Мерекені безендірілмеген бөлмеде өткізуге болмайды, себебі безендірулер балаларда жағымды эмоция тудырады және мерекелік атмосфера қалыптастырады. Залды, дәлізді, топты шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді.



**11.** Мерекелерді күннің бірінші жартысында да, екінші жартысында да тақырыптан ауытқымай өткізу керек. Балалардың жасына байланысты олардың

ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейін болуы керек.

06.03.2023 ж

ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институты